

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ
КҮРШІМ АУДАНЫ
АБАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ
ӘКІМІНІҢ
ӘКІМІ



РАСПОРЯЖЕНИЕ АКИМА
АБАЙСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА
КУРЧУМСКОГО РАЙОНА
ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИ

071204 Бурабай ауылы
Улан көшесі 33
Тел.24-8-24

071204 с.Бурабай
ул.Улан 33
Тел.24-8-24

05 желтоқсан 2017 жыл

№28

Бурабай ауылы

**«Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы
Абай ауылдық округі әкімінің аппараты»
мемлекеттік мекемесінің «Сыбайлас
жемқорлыққа қарсы стандартын
бекіту туралы»**

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33 бабы 2-тармағына, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңының 10 бабына сәйкес:

1.Облыс әкімінің «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт туралы» 2017 жылдың 30 мамырындағы №54-ө өкімін орындау мақсатында, «Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Абай ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2.Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау бас маман-іс басқарушы Л.Ашимоваға жүктелсін.

Қосымша: 4 бетте.

Абай ауылдық округінің әкімі



Сулейменова Н.Сулейменова

**«Шығыс Қазақстан облысы Абай ауылдық округі әкімінің аппараты»
мемлекеттік мекемесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы
стандарттары**

1. Қоғамдық қатынас саласының атауы: жергілікті атқарушы органы мен қала әкімінің қызметін қамтамасыз ету саласында басшылық.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеушінің атауы: «Шығыс Қазақстан облысы Абай ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

3. Қоғамдық қатынастардың жеке саласына жұмыс істейтін адамдардың тәртібі мен іс-әрекет қағидалары:

3.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарымен қозғалатын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде:

өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне өзге де нормативтік құқықтық актілерге асырады;

әкімнің және әкімдіктің қызметін ақпараттық-талдау, құқықтық-ұйымдастыру және материалдық-техникалық қамтамасыз ету;

жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау мен оларды қорғауды қамтамасыз етуге, азаматтардың отініштерін заңмен белгіленген тәртіпте, мерзімде қарау және олар бойынша қажетті шаралар қолдану;

лауазымдық өкілеттіктерін орындау барысында Қазақстан Республикасы Заңдарында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, азаматтардың жеке өмірі және ар-намысын қозғайтын мәліметтерді жария етпеу және олардан мұндай ақпарат беруді мұқтажламау;

мүдделер қақтығысының туындау кез келген мүмкіндігіне жол бермеу бойынша шаралар қабылдау.

3.2.Өз құзіреті шеңберінде басқарушылық және өзге шешімдерді даярлау және қабылдау кезінде:

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз құзіреті шегінде жүзеге асыратын қызметі;

мүдделер қақтығысын болғызбау және шешу бойынша шаралар қабылдауға тиіс;

мүдделер қақтығысының туындау мүмкіндігіне жол бермеу, туындаған жағдайда оларды заңнамаға сәйкес жою бойынша шаралар қабылдау;

мемлекеттік қызметкердің құзырына кіретін шешім шығару кезінде, өзімен заңда көрсетілген міндеттерін орындауына қатысты ешқандай

материалдық игіліктер, қызмет атқарулар және өзге де артықшылықтар қабылдамау;

еңбек тәртібін мүлтіксіз сақтау, берілген өкілеттіктерді тиімді пайдалану; қызметтік міндеттерін атқару; жұмыс уақытын тиімді пайдалану.

3.3. Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындауға ұсыныстар беру кезінде:

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңы нормаларын қатаң ұстану;

нормативтік құқықтық актілердің өзіне және үшінші тұлғалардың игілігіне пайда табу мақсатында қабылдануына жол бермеу;

белгісіз орта тұлғалары және нақты жеке тұлғаларға назарына айналуы қажет.

3.4. Тіршілік әрекеті саласы спецификасына байланысты туындайтын өзге қарым қатынастар кезінде:

мемлекеттік қызметке, мемлекетке және оның институттарына қоғамның сенімін сақтауға және нығайтуға;

іскерлік әдеп пен ресми тәртіп ережелерін сақтау;

мемлекет мүдделеріне шығын келтіретін, мемлекеттік органдардың жұмысына бөгет болатын және тиімділігін түсіретін әрекеттерге төтен беру;

Заңмен белгіленген тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылатын қателіктер мен өзге де құқық бұзушылықтарға жол бермеу;

басқа мемлекеттік қызметкерлер тарапынан қызметтік әдеп нормаларын бұзушылығын болдырмау немесе бетін қайтару бойынша шаралар қолдану;

ұжымда, әріптестердің ар намысы мен абыройына нұқсан келтіретін жеке және кәсіптік қасиеттерін талқылаудан ұстану;

басшылықтың тапсырмаларын орындау барысында тек объективті және тексерілген ақпараттар ұсыну.

4. Өзге де шектеулер мен тыйым салулар:

мемлекеттік функцияларын атқаруға үйлеспейтін қызметтерді атқаруға; мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында, ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану;

егер мемлекеттік қызметкер жемқорлық туралы ақпаратқа ие болған жағдайда, ол, осындай құқық бұзушылықтардың алдын-алу және тоқтату үшін шаралар қолдануы қажет, оның ішінде жоғары тұрған басшылығын, сол жұмыс жасайтын мемлекеттік орган басшылығын, күзінретті мемлекеттік органдарды хат жүзінде ақпараттандыру. Мемлекеттік қызметкер жоғарыда аталған тұлғаларды және органдарды, оның басқа тұлғаларды жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылықтарға итермелегені жөнінде хат жүзінде дереу ақпараттандыруы қажет;

өзінің лауазымдық өкілеттігін және оған қатысты өзіне мүліктік және мүліктік емес пайда табу үшін мүмкіншіліктерді пайдалану.

Абай ауылдық округінің әкімі



Handwritten signature of N. Suleimenova

Н.Судейменова